

## №4 Хромтау орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы

Хромтау қаласы

04.06.2022 ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1. Бала денсаулығы мен өмірі. Ата-ана жауапкершілігі. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Муканова А.Ж.

2. «Қауіпсіз каникул -2022ж». Қамқоршылық кеңестің Қамбарова К.Г.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, ДТІЖО Муканова А.Ж. сөз бастады. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты қалай тәрбиелесең, есейгенде жас кезінде алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ.

Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:

-Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;

-Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;

-Бөтен адаммен подъезге, подвалға, лифтіге кірме;

-Сені артыңнан қуса, көп адамдар арасына жүгір.

Жалпы ата-ана баласының қайда және кіммен ойнап жүргенін білуі керек. Мектепке кешікпей баруын, үйге уақытысында келуін қадағалағаны абзал.

Құрметті ата-ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар.

Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрайымы Қамбарова К.Г. сөз алды.

Құрметті ата-аналар! Сіздер білесіздер ме? Барлық құқықбұзушылықтың 55%-дан астамы жазғы каникул кезінде жасөспірімдермен жасалады. Жасөспірімдердің қайғылы оқиғаға ұшырауы да негізінен жазғы каникул кездерінде болады. Сондықтан, жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі мен қамтылуын қамтамасыз ету аса маңызды.

«Баламен бірге жазғы демалыста» Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.

Жазда балалардың жазғы лагерге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады.

Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес.

-Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:

-Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;

-Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;

-Бөтен адаммен подъезге, подвалға, лифтіге кірме;

-Сені артыңнан қуса, көп адамдар арасына жүгір.

Жалпы ата-ана баласының қайда және кіммен ойнап жүргенін білуі керек. Мектепке кешікпей баруын, үйге уақытысында келуін қадағалағаны абзал.

Құрметті ата-ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар.

Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық деп өз сөзін аяқтады.

**Қаулы:**


Мектепшілік ішкі тәртіп ережесі қатаң сақталынсын.

Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.

Мектеп пен баланың заңды өкілдері арасында келісімшарт жасауды ұйымдастыру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

4. Ата-аналар тарапынан жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігі ескерілсін.

Кеңес төрайымы:  Қамбарова К.Г.

Хатшы:  Қалдыбаева Н.А.